



ХАТТАМА

Алматы қаласы

«13» шілде 2023 жыл

Байқау кеңесі отырысының № 2 хаттамасы

Алматы қ. Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасының
ШЖҚ «Қалалық кардиологиялық орталық» КМК
Байқау кеңесінің отырысы

Кәсіпорынның толық атауы: Алматы қаласы Қоғамдық денсаулық басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы «Қалалық кардиологиялық орталық» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны.

Орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Төле би көшесі, 93

Отырысты өткізу нысаны-бейне байланысты пайдалана отырып, бетпе-бет дауыс беру.

Отырысты шақырудың бастамашысы - Алматы қаласы Қоғамдық денсаулық басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы «Қалалық кардиологиялық орталық» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны (бұдан әрі-Кәсіпорын).

Дауыс беруге қатысатын Байқау кеңесінің мүшелері:

Төраға: Несіпқалиев А.Ж. – «Сенім» ДСЖЖСО» РҚБ Алматы филиалының төрағасы

Мүшелері:

Иманғалиева Л.Т. – Алматы қ. ҚДСБ басшысының орынбасары

Кенекеева А.Е. - №4 ҚКА заңгері

Буркитбаев Е.Ө. – «Астана медицина университетінің» аға оқытушысы

Байқау кеңесінің отырысын өткізуге арналған кворум-бар және Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 1 наурыздағы "Мемлекеттік мүлік туралы" Заңының және Алматы қаласы әкімдігінің 2017 жылғы 26 желтоқсандағы № 4/568 "Алматы қаласы Денсаулық сақтау басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорынның Байқау кеңесінің отырыстарын шақыру және өткізу тәртібі туралы" қаулысымен бекітілген талаптарына сәйкес келеді.

Шақырылғандар - жоқ

БАЙҚАУ КЕҢЕСІНІҢ КҮН ТӘРТІБІ

1. Алматы қаласы Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасының «Қалалық кардиологиялық орталығы» ШЖҚ МКК директоры лауазымына орналасуға конкурс өткізу туралы мәселені талқылау және шешу.

2. Алматы қаласы Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасының «Қалалық кардиологиялық орталық» ШЖҚ МКК директоры лауазымына орналасу үшін хабарландыруды бұқаралық ақпарат құралдарының ресми басылымдарында ("Вечерний Алматы", "Алматы ақшамы" газеттерінде) немесе денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті органның (Алматы қ. ҚДСБ) интернет-ресурстарында орналастыру.

Күн тәртібін жариялау қорытындысы бойынша дауыс беру ұсынылды:

"Қарсы емес" - 4 дауыс (Несіпқалиев А.Ж., Иманғалиева Л.Т., Кенекеева А.Е., Буркитбаев Е.Ө.)

"Қарсы" - 0 дауыс

"Қалыс қалды" - 0 дауыс

Күн тәртібі бойынша Байқау кеңесінің шешімі:

Ұсынылған күн тәртібі бекітілсін.

ТЫҢДАЛДЫ:

ҚКО Байқау кеңесінің төрағасы А.Ж. Несіпқалиев:

- Құрметті әріптестер, бүгін біз Орталық директоры А.Т.Қодасбаевтың басқа жұмысқа ауысуына байланысты, жаңа сайланатын адамға байқау өткізу мәселесі бойынша жиналып отырмыз. Сонымен қатар, бұдан бұрын Байқау кеңесінің хатшысы болған Оспанов Қайрош та жұмыстан шығып кеткен. Қазір орнына уақытша байқау өткенге дейін Мамандар бөлімінің басшысы Жұмагүлі Алиева бола тұрады. Содан кейін көреміз, басқа адам келе ме, жоқ па?! Қазіргі уақытта Орталық директорының уақытша м.а. Қуанышбекова Роза Тохтаналиевна. Сіздерге чатқа танысу үшін Хабарландырудың мәтіні жіберілді. Алып-қосарларыңыз болса, айтсаңыздар!

ҚКО Байқау кеңесінің мүшесі Е.Ө. Буркитбаев:

- Хабарландыру беру үшін байқау өтетін күнді және орынды белгілеуіміз керек. Мәтінге байқаудың 2 кезеңнен тұратыны туралы жазу керек. Содан кейін Байқау кеңесі – бұл кіріп-шығып жүре беретін орын емес, сондықтан Қ.Оспанов Кеңестің атына хатшылықтан босату туралы өтініш жазу керек. Алматы қаласы ҚДСБ басқармасы да бізге Алмат Тұрысбековичтің өтініші бойынша хат жазуы керек еді.

ҚКО Байқау кеңесінің төрағасы А.Ж. Несіпқалиев:

- Дұрыс айтып отырсыз, Еркебулан Өтегенұлы. Сіздің айтып отырғаныңыз өте орынды. Алайда, ол басқа әңгіме. Бүгінгі күн тәртібі – хабарландыру беру мәселесі. Егер байқау туралы хабарландыруды 13.07.2023ж. берсек, 15 күн қаралуы тиіс. Демек, баспа бетіне жарияланған күннен бастап 15 күн санасақ, 27.07. келіп тұр, онда біз құжаттарды қабылдау күні 14-28.07.2023ж. сағат 9.00-ден бастап 18.00 дейін деп берейік. Құжаттарды қарау күні 31.07.2023ж. сағат 15.00; ал әңгімелесу 02.08.2023ж. десек, қалай қарайсыздар? Жергілікті басылымдарға бермей-ақ, уәкілетті органның және кәсіпорынның сайтына жариялауға қалай қарайсыздар?

ҚКО Байқау кеңесінің мүшесі Е.Ө. Буркитбаев:

- Мен келісемін.

ҚКО Байқау кеңесінің мүшесі А.Е. Кенекеева:

- Мен де келісемін, маған бастысы түстен кейінгі уақыт болса болды.

ҚКО Байқау кеңесінің мүшесі Л.Т. Иманғалиева:

- Мен де келісемін.

ҚКО Байқау кеңесінің төрағасы А.Ж. Несіпқалиев:

- Онда дауысқа салайық!
- Бір ауыздар барлығы «Иә».

БАЙҚАУ КЕҢЕСІНІҢ ШЕШІМІ:

1. Алматы қаласы Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасының «Қалалық кардиологиялық орталығы» ШЖҚ МКК директоры лауазымына орналасуға конкурс құжаттары 14-28.07.2023ж. аралығында қабылдансын, 31.07.2023ж. сағат 15.00 байқауға келіп түскен құжаттар қаралсын, 02.08.2023ж. әңгімелесу өткізілсін.
2. Алматы қаласы Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасының «Қалалық кардиологиялық орталық» ШЖҚ МКК директоры лауазымына орналасу үшін хабарландыру денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті органның (Алматы к. ҚДСБ) және Кәсіпорынның интернет-ресурстарында орналастырылсын.

Төраға: Несіпқалиев А.Ж.
Хатшы м.а.: Алиева Ж.А.

Мүшелері:

Иманғалиева Л.Т.
Кенекеева А.Е.
Буркитбаев Е.Ө.

